

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы.

А.Хамитова – мектеп директоры.

А.Тлеуленова – директордың тәрбие орынбасары, хатшы.

С.Ауғанбай- директордың тәрбие орынбасары

Ж. Калиева -Қамқоршылық кеңесінің төрайымы.

Кеңес мүшелері:

А.Амиржанова

Г.Саликова

А.Ильясова

А.Өмірбай

Д.Каимова

Д.Тулебаева

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын таныстыру
2. Мектеп жарғысын таныстыру
3. Әртүрлі сұрақтар

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Калиева Жазира жиынға қатысушыларды қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен таныстырды.

Мектеп директоры А.Хамитова кеңес мүшелерін мектептегі өзекті мәселелермен таныстырды. Биылғы оқу жылында ұзартылған күн тобын өткізу мұғалімдерге міндеттелмейді. Себебі еңбекақысы төмен – 70/30 қатынасында төленеді.

Мектепшілік іс-шараларға қатысу, шығармашыл тұлғаларды анықтау мәселелері де талқыланды. Ата-аналар түрлі іс-шаралар мен байқауларды ұйымдастыру бойынша өз идеяларын ұсынды. Мысалы: «Екі жұлдыз», «Әке, ана, мен – спорттық отбасы», «Кітап Party» сынды жобалар. Максат – балаларды кітап оқуға баулу және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Оқушылардың мектепшілік ақт залында дискотекаға қатысуы туралы мәселе көтерілді. Мектеп директоры бұл жөнінде өз пікірін білдірді: мектеп қабырғасында мұндай іс-шараларды өткізу қауіпсіздік тұрғысынан қиын. Себебі балалар көп, олардың бірі әжетханаға баруы мүмкін немесе күтпеген жағдайлар орын алуы ықтимал. Ал сынып жетекшісі жалғыз өзі барлық оқушыны қадағалап үлгере алмайды. Осыған байланысты директор ата-аналардың пікірін сұрады. Ата-аналар бұл ұсынысты қолдады.

Жазира Жалғасбекқызы бракераж комиссиясының жұмысы туралы айтты. Сондай-ақ Қамқоршылық кеңесінің қызметі жайлы мәлімет берді. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін көмек түрлеріне тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларды мектеп Жарғысымен, әсіресе лицей сыныптарына қатысты бөлімдерімен таныстырды.

Жазира Жалғасбекқызы оқушылар сарайында дискотека ұйымдастыру мәселесін жалғастырып көтерді. Бастауыш сыныптар үшін мұндай іс-шаралар жақсы деңгейде өткізіліп жүр, алайда 5–7 сынып оқушыларына арналған қызықты іс-шаралар ұйымдастырылмаған. Осы жас ерекшеліктерін ескере отырып, орта буын оқушылары үшін де танымдық әрі көңілді форматтағы дискотека немесе басқа мәдени шаралар өткізу ұсынылды.

Биылғы жылы Наурыз мейрамын жоғары деңгейде өткізу, ұлттық тағамдар сайысы мен фестиваль ұйымдастыру туралы ұсыныстар қабылданды.

Кеңес мүшелері мектептің дамуы мен оқушылардың жайлы және қауіпсіз ортада білім алуына бағытталған ұсыныстарды қолдады.

А.Хамитова

А.Тлеуленова

С.Ауганбай

Ж. Калиева

А.Амиржанова

Г.Саликова

А.Ильясова

А.Өмірбай

Д.Какимова

Д.Тулебаева

